

Атырау облыстық мәслихатының 2010 жылғы 27 қаңтардағы № 306-IV " Қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлемақы ставкаларын бекіту туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Атырау облыстық мәслихатының 2015 жылғы 13 наурыздағы № 363-V шешімі. Атырау облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 03 сәуірде № 3141 болып тіркелді. Күші жойылды - Атырау облыстық мәслихатының 2018 жылғы 16 наурыздағы № 207-VI шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Атырау облыстық мәслихатының 16.03.2018 № 207 -VI шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Кодексінің 495 бабына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабының 5 тармағына сәйкес, V шақырылған облыстық мәслихат кезекті XXX сессиясында **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Атырау облыстық мәслихатының 2010 жылғы 27 қаңтардағы № 306-IV " Қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлемақы ставкаларын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық кесімдері мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2561 санымен тіркелген, 2010 жылы 18 ақпанда "Атырау" газетінде жарияланған) шешімінің 5 қосымшасына келесі өзгеріс енгізілсін:

осы шешімнің қосымшасына сәйкес 5 қосымша жаңа редакцияда мазмұндалсын.

2. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау Атырау облыстық мәслихатының экология, қоршаған ортаны қорғау, агроөнеркәсіп және ауыл шаруашылығы мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына (Д. Құлжанов) жүктелсін.

Сессия төрағасы Т. Мұқатанов

Мәслихат
хатшысы

С. Лұқпанов

Облыстық мәслихаттың XXX сессиясының 2015 жылғы 13 наурыздағы № 363-V шешіміне қосымша

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК